

Жастар – болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ



№1-2 (49-50)

28 ақпан, 2014 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН-2050



МӘҢГІЛІК ЕЛ

3-бет

ЖОЛДАУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ЕНЕТІН 10 КРЕАТИВТІ ИДЕЯ

1. Патриотизм. Қазақстандық қоғамның шешуші құндылықтарын бекітетін жаңа құжат – «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі қабылданатын болады.

2. Инновация. Экономиканың жаңа салаларын, бірінші кезекте – мобильді және мультимедиялық, нано және ғарыштық технологиялар, роботты техника, гендік инженерия, болашақтың энергиясын іздеу және ашу әрбір келесі бесжылдықтың нақты нәтижелеріне айналмақ.

3. Геология. Қазақстан геологиялық барлау саласында әлемдік нарыққа енуі тиіс. Бұл салаға тиісті заңнаманы қарапайымдандырғаннан кейін шетелдік инженерингтік компаниялардың инвестициялары тартылады.

4. Ауыл шаруашылығы. Аграрлық ғылымның, оның ішінде гендік жаңғыртылған дақылдар әзірлеудің арқасында Қазақстан өңірлік ірі ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаушылардың біріне айналады.

5. Ғылым. Шетелдік инвестициялар бүтіндей біздің елімізге білімдер мен жаңа технологияларды трансферттеу үшін пайдаланатын болады. Шетелдік компаниялармен бірге жобалау және инженерингтік орталықтар құрылып, технопарктерде ең ірі қазақстандық компаниялардың қосымша өндірістері орналасатын болады.

6. Аумақтық даму. Ең ірі қалалар Астана мен Алматы, Шымкент пен Ақтөбе алғашқы қазіргі заманғы урбанистік орталықтарға айналады. Олар сондай-ақ ғылымның және инвестициялар мен халықты тарту орталықтарына айналмақ.

7. Көлік. Логистикалық қызмет секторы белсенді дамитын болады. Жүктерді тасымалдау үшін Кеден одағы аумағы барынша пайдаланылмақ. Болашақта Қазақстан теңізге шығатын елдерде логистикалық орталықтар құруды инвестициялауды бастайтын болады.

8. Энергетика. ЭКСПО-2017-ге дайындық барысында Астана болашақтың энергиясы мен жасыл экономиканы іздеу мен құру жөніндегі озық әлемдік тәжірибені зерттейтін және енгізетін орталыққа айналады. Жаңа мұнай өңдеу зауыты салынып, ядролық энергетика, оның ішінде атом стансасы құрлысы дамиды.

9. ШОБ. Шағын және орта бизнес жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамитын болады. Ол үшін индустрияландырудың екінші бесжылдығының жоспары «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасымен біріктіріледі.

10. Экономика. Қазақстандық экспорттық әлеуетте шикізаттық емес өнімнің үлесін 70 пайызға дейін ұлғайтуға жағдай жасайтын экономиканың ғылымды қажет ететін моделі енгізілмек. Ғылымды қаржыландырудың өсуі ІЖӨ-нің 3 пайызынан кем емес деңгейді құрайтын болады.

ТІЛІММЕН МӘҢГІ
ЖАСАЙМЫН

2-бет

Тәуелсіз «Алтын Жұлдыз» сыйлығының лауреаты, «Ақжүніс-Астана» журналының бас редакторы
Сәуле ӘБЕДИНОВА:

**ӨМІРГЕ ШЕКСІЗ
ҒАШЫҚПЫН...**



5-бет

**ҚАЗАҚТЫҢ
АРДАҚТЫ
АНАЛАРЫ**



6-бет

ДҮРБЫ

Депутаттар мәдени ескерткіштерді қиратқандарды қылмыстық жазаға тартуды ұсынды

Депутаттар мәдени ескерткіштерді қиратқандарды қылмыстық жазаға тартуды ұсынды. Себебі, қазір қазба жұмыстарын қара саудаға айналдырғандар көбейіп кеткен. Ал, кей жерлерде, тіпті, билік өкілдері алдын-ала зерттеу жүргізілмеген жерлерді жекеменшікке беріп жатқан көрінеді. Бүгін тарихи және мәдени мұралардың жай-күйі талқыланды. Мәжілістің комитет отырысында мұндай мысалдар көптеп айтылды. Халық қалаулылары жаңа заң қабылданбай бұл салада тәртіп орнамайды деп отыр. Бұл туралы «Хабар» арнасының сайты жариялады.

Кез келген жер учаскесі бөлінбес бұрын ол жерге археологиялық зерттеу жүргізілуі керек. Бұл қолданыстағы заңның талабы. Алайда, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау туралы құжаттың бұл баптарын қазір қаперге алатындар некен-саяқ көрінеді.

Белгілі ғалым Бауыржан Байтанаев болса, заңның бұл талабын орындауға былайғы жұрт қана емес, билік өкілдерінің өзі де селқос қарайтындығын айтады.

Салыстыру үшін айтсақ, көрші Ресейде мәдени мұраға зиян келтіргендер 6 жылға түрмеге тоғытылады. Ал, Қытайда көне ескерткіштерді қиратқандар мүлде өлім жазасына кесілуі мүмкін. Біздің елде де көне жөдігерлерді қара саудаға айналдырғандар бар. Бірақ, оларға қолданылатын жауапкершілік түрі қарастырылмаған.

«Тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану туралы» жаңа заң жобасын әзірлеуге депутаттар кірісіп те кетіпті. Құжат авторларының бірі Камал Бұрханов, – алдағы бір айдың көлемінде заң жобасы Мәжіліс қарауына түседі, – дейді.

BAQ.KZ

Жер тұрғындарының саны 7,2 миллиардқа жетті

2014 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша, Жер ғаламшарындағы адам саны 7,2 миллиардқа жетіп отыр.

Бір жылдың ішінде, яғни 2013 жылы адам саны 77 630 563-ға (немесе 1,1% –ға) артқан екен. Мұндай статистиканы ұсынып отырған – АҚШ-тың көшірме бюросы.

Ғаламшар тұрғындарының санын көбейтуге ең көп ат салысқан – Үндістан халқы. Олардың саны 15,6 миллионға көбейген. Үндістан осылайша өсу жөнінен Қытайды, Нигерияны, Пәкістанды және Эфиопияны артқа қалдырды.

Естеріңізге сала кетейік, Жер тұрғындары 2012 жылы 7 миллиард адамға жеткен болатын. 2025 жылы бұл көрсеткіш 8 миллиардқа жетеді деген болжам бар.

АҚШ тұрғындарының саны 317, 3 миллион, Ресей халқы 143,5 миллион болса, 2013 жылдың қазан айындағы есеп бойынша, Қазақстан халқының саны 17 075,7 мыңды көрсеткен. Оның ішінде қала халқы – 9 384,6 мың (55%), ауыл халқы – 7691,1 мың (45%) екен. ХХІ ғасырдың ортасында халық саны 15%-ға қысқаратын елдердің қатарында Украина, Ресей, Белорусия, Болгария, Куба, Румыния бар.

Ал халық саны жөнінен әрдайым көш бас тап келе жатқан Қытай және Үндістан 2028 жылы 1,45 миллиард адамға жетіп, теңеседі. Сонан кейін қытайлықтар азайып, үндістер керісінше көбейе түседі деген болжамдар жиі айтылып жүр.

Қазіргі таңда Үндістан мемлекеті халық саны жағынан әлемде екінші орында тұр. Нақтырақ айтсақ, Үндістандағы жалпы халық саны – 1,21 млрд адам. Бұл Жер планетасының 17%-ын құрайды. Осыдан тұп-тура 60 жыл бұрын, Ұлыбритания бодандығынан босап, өз тәуелсіздігін жариялаған жылдары Үндістанның халық саны 350 млн. адамды ғана көрсеткен екен. Алпыс жыл ішінде үндістандық азаматтардың саны үш есеге өскен. Ал Жер тұрғындарының қартаю үрдісі бірнеше жыл бойы бір қалыпта болатындығымен, 2100 жылы 60 жастағы адамдардың саны 3 миллиардқа жетеді деп күтілуде.

Massaget.kz

ТІЛІММЕН МӘҢГІ ЖАСАЙМЫН

Талай тығырықта тосылмай, қиын заманда жасымай бүгінге жеткен тәуелсіз еліміз, ұлан-ғайыр жеріміз, асыл дініміз, ана тіліміз, табиғаттың тылсым тартуындай қазыналарымыз бар. Сонымен қатар, мақалама мәлек еткен, бабаларымыз бұрымындай баптаған, сан сүрлеуден өтсе де көркемдігін, табиғатын сақтаған, бойымызға дарыған ана тіліміз бар. Біздің тіліміз ұлтымыздың тірегі, өніп-өсуіміздің айғағы, бүгінгі келбетіміздің айнасы. Ұлы ойшылдарымыздан қалған ұлағатты сөздер, дана да дара ақындардың өлеңдері, жыраулардың жырлары, батырлардың өр рухты сөздері бәрі-бәрі осы туған тіліміз арқылы бізге жетіп отыр. Ана тіліміздің өзі тұнып жатқан байлық екені жалғандық емес.

Бұл байлықты бабаларымыз айтқан сөздердің өзінен бағамдауға болады. Аталарымыз қарапайым сөзбен емес, сөздің жілігін шағып, майын тамызып, әсемдеп, көркемдеп, жұмбақтап, астарлап, мақалдап жеткізген әрбір ойдың мәйегін. Тұғырлы Тәуелсіздігі қолында, дербес еліміз деп кеуде кереміз. Ал бүгінгі күндегі туған тілдің жағдайы қалай?

Әлемдік тілдер тізбесіндегі кейбір тілдердің жағдайы мүшкіл, бұған тіл ғалымдары алаңдаулы. «Тілдің аман қалуы немесе жоғалып кетуі, алты жасар баланың тілді үйрену талабын тілді күнделікті қолдану қажеттілігі тудырады», дейді американдық профессор Дэвид Харрисон. Елдің болашағы, алты жастағы бала өз ана тілінде сөйлемесе тіл тіршілігін тоқтатары сөзсіз. Ал тілдің жоғалуы сол елдің діл мен дінінің, салт-дәстүрінің, әдет-ғұрпының, ұлттығының жойылуына әкеп соғады.

Әлемдегі әр алуан тіл мен мәдениетті сақтау үшін 1999 жылдың 17 қарашасында өткен UNESCO Бас ассамблеясының конференциясында 21 ақпан күнін дүниежүзілік ана тілі күні деп жариялады. Оған себеп, 1952 жылдың 21 ақпанында шығыс Пәкістанның Дакка қаласында өздерінің ана тілі – бенгал тілін қорғаған күн құрметіне яғни, елдегі ресми мемлекеттік тілдің бірі ретінде

тануын талап еткен осы оқиғаға байланысты белгіленген.

Дүниежүзінде 7000-ға жуық тіл бар деседі. Бірақ көптігіне қарамастан әрбір екі апта сайын бір тіл өз тіршілігінен жойылуда. Мұндай деректен ғалымдар тілдер жағдайының мүшкілдігін аңғарып келеді. Лингвистер тілдердің күн санап «өлуін» сырттан келген алпауыт тілдердің алауыздығынан деп топшалайды. Сондықтан тілін тұғырына қондыра алмай отырған елдер үшін бұл үлкен қауіп. Әлемде әмбебап тілдердің қатарына кіретін, кеңінен таралған 40 шақты тіл бар. Жар шарының 3 тен 2 бөлігі де осы тілдерде сөйлейтін көрінеді. Кең таралған тілдердің ішінде әрине қытай, ағылшын, испан, араб, орыс, француз сынды тілдердің мәртебесі биік. Бұл тілдердің өшпей керісінше өсіп, өмір сүруін жалғастыра беруіне бірден бір себеп отарлаушы мемлекет болғандығы.

«Тілінен айрылған ұлттың дүниетанымы, мәдениеті сол күйі жабық есіктердің ар жағында қалып қояды» дейді Ресей ғалымы Владимир Плунгян. Ол тілдердің жоғалуына әсер етіп отырған себеп ретінде адамдардың бір-бірімен тығыз байланысуын алып отыр. Яғни, ол да сол баяғы жер шарын жалмап жатқан жаһандану әсер етіп жатыр деген ойда. «Күн артқан сайын әлем «кішірейіп» бара

жатыр» дейтін ол, әр елдің адамдары бір-бірімен жақын араласқан сайын тілдік кедергілер жоғалып, әлсіз тілдер әлдінің ықпалына төзе алмай, көлеңкесінде қалып қояды деген пікірде. Мысалы 2009 жылы ЮНЕСКО бір Ресей аумағының өзінен жоғалудың аз алдында тұрған 136 тілді анықтаған болатын. Одан бері біршама уақыт өтті. Егер екі аптада бір тілді елді десек, бүгінде сол 136 тілден қалғанын есептей беріңіз.

Африкадағы Сенегалда жоғалудың аз-ақ алдында тұрған бандиал тілі бар. Ондағы халық та өз тілінде сөйлеуді құлықсыз көріп отыр. Француз және де басқа, хип-хопқа қатысы бар тілдерде сөйлеуді алға тартып отыр. Ал мамандардың болжауынша бұл тілде сөйлемек түгілі, бұл тіл туралы біршама уақыт өте ешкім білмеуі де мүмкін.

Жақындағылардың да жанайқайы естіледі. Украина халқының 50 пайызы орыс тілді екен. Сондықтан болар украин тілі мамандарының ойынша украин тілінің де аясы кеми беруі мүмкін деген үрейде. Олардың болжамына сенсек украин тілі 2030 жылдарға қарай мүлдем қолданыстан шығып қалуы да ғажәп емес. Бұл Украина мамандарының тұжырымы.

Сөз түйін. Ғалымдардың алаңдаушылығын тудырған мәселе бізді де бей-жай қалдырмағаны анық. Бұл тақырып та көкке көтеріліп, айта-айта ауыз талып, жаза-жаза жауыр болған мәселенің бірі. Бірақ ел болып еңсемізді тіккен тұста, қазақ тіл – әлемдегі ең ғажап тіл ұлт болғанымызша айтыла берері анық. Өзге тілді үйрену бүгінгінің талабы. Дегенмен, өз ана тілінде сөйлей алмайтын, шүлдірлеген орыс тілді жастардың саны бізде де жетіп артылады. Құдай сақтасын, бірақ кім біледі бұлай жалғаса берсе...

Мереке АМАНТАЙ

ҚОШ БОЛ
ФАРИЗАДАЙ
АЯУЛЫ АҚЫН!

Жаңа жыл мерекесі жылу сыйлағанымен, қаңтар айының соңы күллі қазақтың қабырғасын қаусатты. Жүрек жасын жасыра алмаған жұртшылық поэзия падишасы, қоғам қайраткері, әрі қазақтың аяулысына айналған Фаризасын ақмытық сапарға шығарып салды.

Жетпіс беске қараған шағында алты алашын шыр еткізген ел қызы жайында қазақстандық телебағдарламалар мен жаңалықтар желісінде жиі айтылды. Теле-радио студияларында сансыз адам жиналып, ақынның қасиеті, мәрт мінезі мен болмысы турасында естеліктер айтылып жатты. Әсіресе, Фариза апаймен үзеңгілес достары мен көзі көрген ізбасарлар ақындардың еске алуларында есеп болған жоқ. Сондай-ақ, өр өлеңінің жанкүйер жандары марқұмды жоқтап, жан-жақтан жиылды. Өр қазақтың өз Фаризасы бар. Несіпбек Айтұлы Фаризаны жоқтап өлең жазды, танымал ақын Бауыржан Қарағыз да өз кезегінде Фариза апайы туралы терең тебіреніспен сыр шертті. Аяулы ақын әпкесіне ауруханаға барғанын, қанша қиналып жатса да барлық ақындардың атын тізіп, жағдайларын сұрағанын тілге тиек етіп те жатты. Соңғы күндері бағдарламаларда Фариза Оңғарсынованың отты өлең-

дері оқылып, ақынның сөзіне жазылған әндері жиі шырқалды.

Фариза Мұқағалидай ақиық ақынның мұңдасы, енді біріне сырлас, біріне жанашыр, ал кейбіріне діңгегі биік тұлға бола білді. Қазақстан Республикасының Парламентінде депутат болған жылдары 9 заңның шығуына мұрындық болса, екі заңды тікелей өзі жазып шығыпты. Ол заң жолдары ана мен баланы қорғауға арналған екен.

«Кеш емес» бағдарламасы «Ақын көп, Фариза жалғыз» атты тақырыпта дайындалған ақын өмірінің барлық тұстарын бір арнаға тоғыстырыпты. Онда Фаризаның достары, апа-сіңлілері, әнші Роза Әлқожа өздерінің ерекше естеліктерімен бөлісті. Есімде қалған ерек естелік бар. Ол – Фәкеңнің қазақи дәстүрге берік болғандығы мен төл салтын өзгеге сыйлата білгендігі. Бір жылы Германиядан немістің ақын қызы мейман болып біздің елге келген екен. Аудармашысы тағы бар. Фа-

риза апайымыз өз кезегінде қазақи қонақжайлық көрсетіп, шетелдік меймандарды өз шаңырағына шақырыпты. Ет асып, қонақтарға бас ұсынған кезде аудармашы қыз өлгі басқа қарап күле береді екен, неге күлесің деп сұраса да күледі екен, сөйтіп күлкісін сәл тыя тұрып, мына басқа қарасам, маған қарап күліп тұрған сияқты, сол үшін күліп отырмын деп одан бетер күле жөнеліпті. Сол кезде қазақтығына берік қайсар қыз көп ойланбастан қонақтарын үйінен қуып шығыпты. Менің салтымды сыйламаған адамға, менің төрімде орын жоқ деген екен.

Түйін. Өр қазақты жалғыздай сүйген Фариза ақынның артында ұлы Айбар мен немерелері қалды. Ал ең бастысы, өлмес мұрасы мен өшпес өлеңі бар. Ендеше ел өз Фаризасын ешқашан есінен шығармақ емес.

Эльмира АБЕТЖАНОВА



МӘНГІЛІК ҚАЗАҚСТАН - ХАЛЫҚ ЖОЛЫ

Міне, 2014 жылғы жылы Мемлекет Басшысы он сегізінші рет халқына Жолдауын жариялады. Биылғы Жолдау негізінен «Қазақстан – 2050» Стратегиясының жалғасы, және әрі қарай тарқататын бағыты деуге де келеді. Алайда, Бұл Жолдаудың арқалаған жүгі артық, жөні бөлек.

Жыл сайын жыл басымен бірге қазақ халқы Елбасының Жолдауын торыға күтетін әдет қалыптасты. Биылғы жылы Ел Басшысы қазақстандық қоғамның дамуы мен өркендеу жолында мемлекет қызметкерлері мен атқамінерлерге нендей тапсырмалар жүктейді, қарапайым халыққа қандай жағдайлар жасалады деген сауалдарға жауап іздеген жұрт телміре Жолдауды тыңдайды. Осы күні кәсіпорындар мен ұйымдар, мекемелер мен ұжымдар барлығы даму жоспарларын мемлекеттік мақсат-міндеттерге сәйкестендіреді, ел өркендеуінің басты басымдықтарын саралап, Жолдау мақсатына сай міндет арқалайды. Барша қазақстандықтар үшін Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауын тыңдау игі дәстүрге айналғаны сөзсіз. Еңбегіне ынта, шығармашылығына табыс, әрбір бастамаға шабыт, ұлы армандардың орындалуына ұлы мақсаттар және ел игілігі үшін маңызды істерге жауапкершілік бертін қазақстандықтардың өмірін жарқын етуге жол

сілтейтін Президент Жолдауы Елбасы мен Елді жақындастыратыны хақ.

Президент аталмыш Жолдауды «Мәңгілік Қазақстан» жобасы аясында бағдарлап, ел тарихындағы жаңа дәуірдің кемел келбетіне балады. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «Бүгінде дамығандықтың іргелі көрсеткіштерін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттер көрсетіп отыр. Оған әлемдік ішкі жалпы өнімнің 60 пайыздан астамын өндіретін 34 ел кіреді. ЭЫДҰ-ға кіруге тағы 6 ел – Бразилия, Қытай, Үндістан, Индонезия, Ресей және Оңтүстік Африка Республикасы үміткер болып отыр. Ұйымға мүше барлық елдер терең жаңғыру жолынан өтті, инвестицияның, еңбек өнімділігінің, шағын және орта бизнесті дамытудың, халық өмірі стандарттарының жоғары көрсеткішіне ие болып отыр. Әлбетте, ЭЫДҰ елдерінің болашақ ұзақмерзімді қарқыны ескерілгендегі индикаторлары – жер жүзінің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жолындағы біздің базалық бағдарымыз осы», – деп биылғы Жолдаудың басты басымдығы жаһанның дамыған 30 ел қатарынан бой түзеу екендігін жеткізді.

Және де Мемлекет Басшысы Қазақстанның дамыған 30 елі қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтарын белгіледі:

1. Инновациялық индустрияландыру трендін түзеу және күшейте түсу маңызды.
 2. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа түсіру маңызды.
 3. Ғылыми қамтымды экономика құру – ең алдымен Қазақстан ғылымының өлеуетін арттыру.
 4. Инфрақұрылымдық ұштаған – агромерацияның, көліктің, энергетиканың қарқынды дамуын қамтамасыз ету керек.
 5. Шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы.
 6. Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың өлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар.
 7. Мемлекеттік институттар жұмысын жетілдіру. Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет.
- Елбасының айтуынша дүниенің дамыған 30 ел қатарынан көрінуімізге деген ұмтылысымыз ХХІ ғасырдағы «мүмкіндіктер көзін» пайдалана отырып, жаңғыру серпілісін жасау қажет болатын 2030 жылға дейінгі кезең мен 2030 – 2050 жылдар аралығында

еліміздің ғылыми қамтымды және жасыл экономика қағидаттарына негізделген екі кезеңде жүзеге асады.

ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев тәуелсіздігімізді алған жылдардан бері қазақстандықтарға ортақ ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтарды атап өтті: 1. Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы

2. Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

3. Зайырлы қоғам және жоғары руханият.

4. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.

5. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

7. Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысу.

PS. Халықты бірлікке шақыратын ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ екені анық. Баршамызға ортақ бірлікті нығайтуда ата-баба дәстүрі, заманауи жаңалықтар, білімді ұрпақ, рухы биік азаматтарды қалыптастыру өте маңызды. Ел болашағын, ұрпағымыздың келешектегі жетістіктері кімкімді болса да қызықтыратыны сөзсіз. Сол болашаққа өзімізден кейін индустриялды және ғылыми-техникалық өрлеуді, экономикада, мәдениетте және саяси әлеуметіміз жоғары деңгейде көтерілген елді мұра етуіміз шарт. Бұл биылғы Елбасының Жолдауындағы басты мақсат, басты мүдде, басты болашақ.

Жанар ӘБДІҚАЛИҚЫЗЫ



Мереке АМАНТАЙ,
С.Торайғыров атындағы ПМУ
Гуманитарлық-педагогикалық
факультеттің студенті:

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын ерекше әсермен тыңдап шықтым. Елбасымыз сөзінде: «Әсіресе, жастарымызға мынаны айтамын. Бұл Стратегия сіздерге арналған. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер», – деп жастарға үндеу салды. Жай бір үндеу салып қана қойған жоқ, Мемлекет басшысы жастарға зор міндет артып отыр. Жолдау барысында Елбасының жастарға үлкен жауапкершілік танытып отырғаны байқалады. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі стратегиясының өзі жастарға бола, олардың жарқын болашағы үшін жасалып жатқанын түсіндім.

Яғни, Елбасы өсем деген жасқа өрлеу жолын айқындап берді. Жастары мықты ел – Мәңгілік ел бола алады. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жаңа Жолдауды тыңдап, алдымызда жарқын болашақ, аса үлкен жауапкершілік барын ұқтық. Павлодар өңірі жастарына жаңа серпін берген Жолдау Қазақстан жастарына да жаңа мақсат жолын айқындауына үлес қосады деген сенімдемін.

Екіншіден, Жолдауда ендігі қамтылған мәселелердің бірі – үлгерімі жақсы студенттерді қолдаудың тиімді жүйесін жасау және студенттердің стипендиясының өсуі. Өрине, 25 пайызға стипендияның өсуі студенттер үшін бұл да қуанышты жайт. Студенттердің стипендиясын көтеру мәселесі, яғни студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталып отыр. Жолдау барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы екені даусыз. Жастар тарапынан Президентіміздің Жолдауда бізге жүктеген міндетін біз ақтаймыз.

Бақытжан ҚАДЫРОВА,
С.Торайғыров атындағы
ПМУ Қазақ филология-
сы кафедрасының
доценті, филология
ғылымдарының кандида-
ты:

Биылғы жылғы Елбасымыздың Халқына жолдаған Жолдауын тыңдадық. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы аясындағы мақсат-міндеттермен таныстық. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Қазақтың Мәңгілік Ел ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті», – деп айтқаны, бізді жігерлендірді, қайраттандырды. Елбасымыз Мәңгілік Ел ұғымын халықтың басты бағдарламасы – «Қазақстан – 2050» Стратегиясының негізі етіп алды. Оның да өзіндік себебі бар. Өресі биік, білімді, салауатты, зайырлы өрі руханияты биік қоғамды қалыптастыру үшін әр азамат өз ұлтының болашағына сенімді болуы қажет. Сондықтан, біз сол Мәңгілік Елдің іргесін берік ету үшін, біз бүгін бәсекеге қабілетті мемлекет болуымыз керек. Жаһанның алдыңғы қатарлы мемлекеттерімен тереземізді теңестіру үшін, яғни бәсекеге қабілеті болу үшін білім мен ғылымды дамытуымыз шарт.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Жолдауында мемлекетіміздің дамыған 30 ел қатарына өту жолдарын баяндап өтті. Жолдауда ғылымға көп көңіл бөлініп отыр. Ел дамуын, экономикалық өркендеу тікелей ғылыммен байланысты. Сондықтан жалпы ғылымға, жаңашыл ғылыми жобаларға, ізденістігі ғалымдарға әрдайым қолдау болатынына мен сенімдімін. Ал, білімге келер болсақ, бала-бақша жасынан жоғары оқу орнына дейінгі білім беру ісіне жыл өткен сайын жағдай жасалуда. Жыл сайын білімге деген талап та күшейтіліп келеді.

Мәңгілік Ел болу мақсатында Қазақстан білім мен ғылымына мән беру керек. Алдыңғы қатарлы 30 ел қатарынан бой түзеу үшін сол білім мен ғылымды дамыту біздің әрқайсымыздың міндетіміз.



Сүйікті де сүйкімді студенттер тобы! Сендердің назарларыңа «Студент сырласы» деп аталатын жаңа айдарымызды ұсынамыз. Аталмыш бет шын мәнінде баршаларыңның сырлас достарыңа айналатынына кәміл сенеміз. Себебі студенттік шақ адам өмірінің мәңгі есінде сақтар, қыз-қыз қайнаған қызық шағы. Сондықтан осы сәттеріңді сәтті пайдаланып, біздің бетке белсенді атсалысуға тілектеспіз. Айдарға байланысты сауалдарың болса, 8-771-357-30-40 байланыс телефонына хабарласуларыңа болады. Ендеше, студенттік өмірдің қызық оқиғаларымен бізбен бөлісуді ұмытпа. Қызықтың бәрі бізде.

БІЗДЕР ДЕ БҰЗЫҚ БОЛҒАНБЫЗ

Құралай РАҚЫМЖАНОВА, тележурналист:

Студенттік кезде біз де бұзық болғанбыз

Студенттік кез дейсіз бе? Иә, біз де бұзық болғанбыз... 90-шы жылдардың басында арман қуып үлкен қалаға оқуға келген жастардың өмірі шынымен де қызыққа толы болатын. Соның бірін айтып берейін.

Қарағанды мемлекеттік университетінде оқып жүрген кезім. Студенттік өмір адамды шынықтырады, есейтеді екен. Үйде еркешоралау болып өскен мен тамақ істеу дегенді мүлдем білмейтін едім. Әрине, оңтүстік өңірден келген құрбыларыммен салыстырғанда... Шырайлы Шымқаладан келген Нұрлай дейтін курстасым ас дайындағанда біздің (менің) білгеніміз жіп есуге де келмей қалатын. Макоронды сары майға сарғыш-қоңыр түске енгенше баптап қуырып, алдымызға шыж еткізіп қоя салғанда оның шеберлігіне таң қалатынбыз.

Хош... Біз бір бөлмеде төрт қыз тұратын едік. Сол кездегі заманның жақсылығы болар, ештеңеден таршылық көрген жоқпыз. Жолаушылар көлігі деген тіптен тегін. Қазір айтсаң, ертегі сияқты. Үйден келетін сәлем-сауқатты тоңазытқыш болмағандықтан, терезеден сыртқа іліп қоямыз. Қазы-қарта, сары май... дегендей. Ал оңтүстік өңірден қауынның қағы, тосаптың сан түрі, жеміс-жидек қысы-жазы үзілмейтін. Бірде сегізінші қабаттан жерге түсіп кеткен шұжық, қазы-қарта толы сөмкені «сен әкел, мен әкел» деп алмай қойғанымыз... Не деген кесірлік десеңізші (мұны мен қазір айтып отырмын).

Негізі тамақты бөлмеде кішкентай плитқада дайындайтынбыз, кейбіреулері «бытовақада» пісіретін. Бірде қыздар сол «бытовақаға» тамақты пісіруге қойып, бөлмелерінде жүрмей ме?



Үнемі орта құрсақ болып жүретін курстас, көрші бөлмедегі жігіттер бірігіп, әлгі қазандағы піскен тамақты қотарып алып, орнына су құйып кетіпті. Бірақ бұған ешкім де ренжіген жоқ, қайта көпке дейін қызық әңгіме ретінде айтылып жүрді. Міне, сіз сұрадыңыз мен айттым. Студенттік шағымды есіме салғаныңызға мың алғыс!

ЖАТАҚХАНА ЖЕЛІСІ

Әлия Батталова, ПМУ түлегі:


Жатақханада өткізген күндергі ұмытпаймын

алсам, есімнен танардай күлемін немесе тұла бойыма суық қан жүгіреді. Міне, ол өмір сонысымен қызық-тын. Жыл сайын жаздың соңында студенттер жан-жақтан жиналып, үйреншікті әдетімізге басамыз. Орындарға талас тамызда басталады. Ойран-топан дегеннің не екенін сол кездерде түсінуші едім. Сондықтан мезгілінен ерте келіп, өз орнымды сақтап қалуға тырысатынымын.

Күннің жылы кезінде терезені айқара ашып қоямыз, аулада отырып, гитарамен орындалатын көңілді әндерге құлақ түре жүреміз. Реті келгенде далада шекілдеуік шағып, өзара танысушы едік. Бөлмелер арасында жүріп, шай ішуді де қызық көретінбіз. Мен төрт жыл қатарынан жатақхананың бірінші қабатындағы бөлмеде тұрдым. Қыстың қақаған аязында өзімізді қоярға жер таппайтынбыз. Қалың киімдер киіп, бірнеше көрпелерге оранып жатқан кездерді ешқашан ұмыта алмайтын шығармыз. Сондай-ақ, жуынатын бөлме-

лерге деген кезек еш толастамайтын, кейбіріміз сол үшін сабаққа да кешігіп жүрдік, интернет желісі жұмыс жасағанмен, компьютер саны аз болатын, ол да ақшасы жоқ студент үшін қиындық тудыратын. Бірақ бұл қиындықтарды қаперімізге алмағанда, жатақхана өмірі жалпы қызық болатын. Түрлі конкурстар ұйымдастырылып, сіз-біз болып қатысып шығатынымыз.

Университетті тәмамдап, Астанаға кеткеніме міне, үш жыл толады екен. Көп кезде жатақханамды сағынамын да, сансыз ойға берілемін. Қазіргі студенттердің хал-ахуалы қалай екен, мүмкін жатақханамның жағдайы үш жылдың ішінде жақсарған шығар деймін іштей. Айтып айтпай не керек, негізінде ПМУ-дай атағы асқақ, абыройы биік оқу ордасына бір жатақхана аздық етеді. Жуырда С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың жаңа 500 орындық жатақханасының іргесі қаланып жатыр дегенді естіп, қуанып жатырмын.



– Студенттік шақты ұмыту қиын. Ал жатақханада өткізген жайлы-жайсыз кездерді есте ұмыта алмассың! Ешқашан!

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне арман қуып келдім. Өзім Ерейментаудан едім. Ата-анам мені бірден жатақханаға орналастырды. Төрт жылда жатақхана менің жылы мекеніме айналды. Ондағы қыз-қыз қайнап жататын отты шақтарды есіме

«Мәңгі студент» атанған студент

Бүгінгі «Танымайын десең» айдарының қонағы Павлодар өңіріне танымал айтыскер ақын, «Ойна» әзіл-ысқақ театрының актері, С.Торайғыров атындағы ПМУ түлегі Оңғар Қабденов.

Оңғар Қабденов Шығыс Қазақстан облысының Ақсуаттында туып-өскенімен, оны әйгілі еткен нағашылар мекені – Павлодар жұртшылығы. Оңғар деп атаған ата-анасына да алғысым шексіз менің, өйткені ол сияқты жаны нәзік жігіт үшін Жаратқаннан жүз рет тілек тілесең де жеткіліксіз. Оңғар сөзінің мағынасы «жарылқа» дегенмен тепе-тең. Ол өзін облысқа мойындаттым деп ойлайды. Оны әйгілі еткен әрекеті не екенін қайдан білсін, міне әңгіменің нағыз майын осы тұстан тамызайық ендеше.

Біздің студенттік топ 2007 жылы ПМУ-дың журналистика бөліміне түскенде, Қабденов мырза үшінші курстың үлгерімі жақсы студенті еді. Сөзге шеберлігі, ақындығы тағы бар. Бойы бізге жетпесе де, ойы озық-тын. Радиобағдарламаға да жиі шақырту алып жүрді (түрін көрсетпедің тиімді тәсілі радио болған шығар...). Сол жылы аламан айтыстарға шығып, Павлодар облысының намысын қорғады. Сөйтіп жүріп, сабаққа келуді ұмытып кетті ме, келе-

шегін сабаққа келмей-ақ кемелдейтін көкелеріне сенді ме, әйтеуір қарасын батырды. Біздер болсақ үшінші курстан төртке көштік, түлек те атандық, бірақ сол күйі Қабденов деген түлекті студенттер сапынан көргеніміз жоқ.

Жылдар өте біз білікті маман болдық, жұмысқа орналастық, бір күні дипломын құшақтап Оңғар келді. Өз көзіме өзім сенбедім. Бізге берілген көк жапырақ қағаз оған да беріліпті, бірақ ол бұл жолы да бізден асып кетті, өйткені оған «вечный студент» деген статусы қоса берілді.

Студенттің жеті жоғын жоқтап жүріп, журналистикада жеті жыл оқыған жігітте арман бар деп кім айтты...



ӘЗІЛ ҚОРЖЫН



БАРФАСЫН АЙТАДЫ

Екі студент кездесіп қалады. Біріншісі екіншісінен:

- Қайда асығып бара жатырсың?
- Емтиханға!
- Емтиханың қай пәннен?
- Барфасын айтады ғой...

ҚОРҚЫНЫШ

Дәрісханада емтихан өтіп жатыр. Келесі бір студент келгенде профессор оның әбіржіп тұрғанын байқап:

– Сіз неге соншама әбіржіп тұрсыз? Менің сұрақтарымнан қорқасыз ба?

Студент:

– Жоқ, мен өзімнің жауаптарымнан қорқып тұрмын!

КОМПЬЮТЕР

Студент қыз жатақханаға келсе дос қызы жылап отыр екен. Досына:

- Не болды, неге жылап отырсың?
- Мен ата-анам компьютер үшін ақша керек деп жазып жіберіп едім ғой.
- Ия, олар саған ақша берген жоқ па?
- Одан да жаманы болды ғой! Олар маған компьютер беріп жіберді!



СТУДЕНТТІК ӨМІРДЕН

1. Абитуриент – «Біз де бала болғанбыз»
2. Ауылшаруашылық жұмыстары – «Қан мен тер»
3. Бақылау жұмысы – «100 теңге болғанша, 100 досың болсын»
4. Диплом қорғау – «Соңғы көш»
5. Диплом алу тойы – «Қош бол Гүлсары»
6. Диплом – «Алтын сақа»
7. Дискотека – «Мөлдір махаббат»
8. Емтихан – «Тар жол тайғақ кешу»
9. Емтихан – «Қатерлі өткел»
10. Емтиханнан құлаған студентке кеңес: «Қайта кірер есігіңді қатты жаппа»
11. Жатақхана – «Алтын орда»
12. Каникул – «Ақиқат пен аңыз»
13. Курстық жұмыс «Тас төбедегі айқас»
14. Қабылдау емтиханы – «Аласапыран»
15. Оқу корпусы – «Ақ боз үй»
16. Практика күндері – «Жекпе-жек»
17. 4-курс – «Аққан жұлдыз»
18. Сынақ – «Мылтықсыз майдан»
19. Староста – «Күлтай болыс»
20. Стипендия – «Алтын құс»
21. Студенттік өмір – «Махаббат қызық мол жылдар»
22. Стипендия – «Ұзаққа бармаған қуаныш»
23. Семинар – «Бұғумен өткен өмір»
24. Семинар – «Елең-алаң»
25. Сессия – «Жанталас»
26. Сынақ – «Қылкөпір»
27. Шпаргалка – «Отырардан келген сый»

Беттің үйлестірушісі
Эльмира АБЕТЖАНОВА

Сәуле ӘБЕДИНОВА, Тәуелсіз «Алтын жұлдыз» сыйлығының лауреаты, «Ақжүніс-Астана» журналының бас редакторы:

ӨМІРГЕ ШЕКСІЗ ҒАШЫҚПЫН...



Шолақ белсенділердің таяғы маңдайыма тимеді деп айта алмаймын

– Сізге өткен жылы телеарнаға шығуыңыз мүмкін бе деп сұрақ қойғанымда, мені ол жаққа маңайлатпайды деп жауап бердіңіз, бір түсінбейтінім – сіз кімге жақпадыңыз?

– Кімге жақпағанымды білмеймін. Өзім аса құрмет тұтар бір кісі: «Сәуле, беляя зависть, черная зависть деген бар...» деп еді. Сол айтпақшы, «черная зависть» – қызғаныштан аяғымнан шалатындар бар шығар. Оның үстіне, мен бас шұлғи беретін көнбіс емеспін, өз ойымды ашық айтып қарап отыратын мінезім бар. Басшыларға ондай адам жақпайды. Одан бөлек, қазір тамыр-таныстың заманы. Сондықтан бұл мәселеге бас қатырудың қажеті жоқ, онсыз да бәрі түсінікті...

– Журналистикалық қызметіңізде әлдекімнің сұрауымен шындықты бұрмалап немесе ақиқатты ашық айта алмаған кездеріңіз болды ма?

– Айтқым келген нәрсені тілім жеткенше айттым, жазғым келген нәрсені қаламым жеткенше жаздым деп ойлаймын. Алайда, «цензураның қылышына» ілінбесем де, шолақ белсенділердің таяғы маңдайыма сарт етіп тиген кезі болып тұрды.

– «Ақжүніс-Астана» журналын оқып жүргендер оң бағасын беріп жатыр. Бірақ бұл басылым республиканың барлық аймақтарына тарамайды. Мұның себебі қаржыға кеп тіреле ме?

– Иә, бар мәселе қаржыға кеп тіреледі. Жаздырушылар үшін журнал «Қазпошта», «Евразия-Пресс» бөлімшелері арқылы республиканың барлық аймағына жетеді, ал бөлшек саудаға шығаруға әзірше қаржылай мүмкіндігіміз болмай отыр. Бөлшек сауда арқылы тарататын мекемелердің қызметі тым қымбат. Бір дүңгіршекке 1 айға 2-3 мың теңге аралығында орынды жалға алу ақысын төлеу керек. Республика бойынша кемінде 300 дүңгіршекке қою керек, ол үшін қанша қаражат кететінін есептей беріңіз... Бір-екі рет қолға қомақты қаржы түскенде Алматы мен Астана қалаларынан 100 шақты дүңгіршекке жеке сатылымға шығарып көрдік, журналдың жарнамасы болмаса да, сатылым жаман болған жоқ. Бірақ неғұрлым көп дүңгіршекке қоймасаң, таралымың көп болмаса, өз-өзің ақтамайды екен...

– Жалпы, журналды ашу кезінде нендей қиындықтарға тап болдыңыз? Білік бұл бастаманызды бірден қолдады ма? Демеушіңіз бар ма?

– Журнал шығару оңай емес, әрине. Қаражат мәселесі, офис

мәселесі, жақсы мақала мәселесі... толып жатқан қиындықтар бар. Бастапқыда бәріне өзім жүгіретінмін. Қазір біршама қолым ұзарды. Тұрақты демеушіміз жоқ. Мен журнал шығара салып бірден биліктің алдына «бастамамды қолда» деп баруды ар санадым. Алдымен өзіме-өзім көзімді жеткізіп, дәлелдеуім керек еді. Жалпы жұмыс істеймін деген адамға билік қарсы болады, кедергілер жасайды деп ойламаймын. Бірден қолдап, шашбауыңды да көтермейді, әрине. Өйткені газет-журналға «қоғамға, мемлекетке пайдасы бар жоба» деп емес, әркімнің жеке тірлігі, әркімнің өз шаруасы деп қарайды. Кейде ойлаймын, жеке кәсіпкерлікті қолдайтын үкімет газет-журнал өндірушілерге де қолжетімді шағын несиелер беріп, тарату мәселелерін мемлекеттік тұрғыда жолға қойып т.б. қолдау танытса болар еді-ау деп. Газет-журнал деген бүгінгі қоғамның айнасы емес пе? Бүгінгі жазылып жатқан тарихымыз бен шежіреміз емес пе? Мемлекеттіліктің нышаны емес пе? Жеке меншік болса да, осы мемлекеттің бүгін мен ертеңі үшін жұмыс жасамай ма?

Екіншіден, бастаманды билік қолдау үшін қолыңнан іс келетінін дәлелдеуің керек. Бұл орайда біз өзімізді дәлелдей алдық деп ойлаймын. Биыл ҚР Ақпарат және мұрағаттар комитеті қолдау көрсетіп, біраз қаржы бөлді. Келесі жылы қаржыны көбірек беруге уәде беріп отыр.

Бытыр осы журналды шығарарда бір танысым: «Кімге сенесің? Демеушің бар ма?» деп сұрады. «Бірінші құдайға сенем, екінші өзіме сенем, үшінші халыққа сенем» деп едім. Дегенмен, тұңғыш нөмірге Мәжіліс депутаты, ұлттың жоғын жоқтап, мұның мұңдаушы азамат – Нұртай аға Сабильянов көмектескенін баса айтқым келеді. Екінші нөмірге ұлттық құндылықтардың нағыз жанашыры, меценат Өмірзақ Сәрсенов ағамыз демеушілік жасады. Одан кейін айтайын дегенім, осы Павлодар қаласындағы С.Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік университетінің ректоры Серік Мәуленұлы Өмірбаев мырза мен проректоры Жасұлан Құдайбергеноұлына, университет ұжымына журналымызға жазылып, қолдау танытқаны үшін алғыс айтамын.

Алматы қаласындағы көптеген орта мектептердің ұжымдарына мектеп директорларына да айтар алғысым шексіз. Осы кісілер бізге әркез қолдау көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, аяулы апайларымыз бен асыл азаматтардың, «Ақжүнісін» сағынған халықтың арқасында шығып жатырмыз. Демеушіге зәру екеніміз рас, сондықтан демеушілік көрсетемін дейтін аға-әпке, іні-бауырларымыз табылып жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Оқырмандарға айтарым, еңбек ету – бізден, еңбекті бағалау – сізден,

қадірлі оқырман! Журнал сапасының артуы тікелей өздеріңізге байланысты екенін ұмытпағайсыздар. Атсалысыңыздар! «Ақжүніс-Астана» журналына жазылуға шақырамын! Жазылу индексі – 74505. «Қазпошта», «Евразия-Пресс» бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Тағдырыма ризамын...

– Жеке өміріңізге сырлы саяхат жасауға қарсы емессіз бе?

– Сұрай ғой, не білгің келеді?

– «Жалғыздық Құдай мен Күнге жарасқан» дегенді «Ақжүніс» уақытында өз аузыңыздан естіген болатынымын. Өзіңізге ше, жалғыз болу қаншалықты қиын?

– Әрине, оңай емес. Тырмысып алға ұмтылудан да, мықты болудан да шаршайтын кездерім болады. Бір сәт әлсіз, нәзік, әйел деген жаратылыс екенімді сезінгім келетін кездер де болады. Ол үшін қасымда арқа сүйер азаматым болу керек. Ол болмаған соң, қиындықпен жалғыз күресуге тура келеді. Үйдегі күйбең тұрмыстың бітпейтін тіршілігі де, түздің жұмысы да өзімнің мойнымда. Алла тағала пендесі көтере алатын жүкті оның мойнына артатыны рас болса, демек менде басыма түскен қиыншылықты көтере алатын, жеңе алатын күшті де құдай өзі береді деген сөз. Сондықтан сол жүкке лайықты жігер көрсетуге тырысамын.

– Жалпы, екі балапанының қанатын «жалғыз» жүріп қатайтқан қазақ әйелінің сағы сынған кездері жиі болды ма? Өткен өміріңізге кері шегініс жасасақ...

– Өткен өмірімді көз алдыма елестетсем, бір роман жазып, көп сериялы керемет телехикая түсіруге болады (жымиды). Өткен өмірімде сәулелі сәттер де, сонымен қатар көлеңкелі тұстар да аз болған жоқ. Өмірдің өзі жарық пен қараңғының, күн мен түннің алма-кезек ауысып отыруы емес пе? Өке-шешенің қасында жүргенде жегеніміз алдымызда, жемегеніміз артымызда, «ревизордың қызы» боп өмір сүріппіз. Ал өз өмірімді ғана емес, ата-ана, туған-туыстың бәрін бір ер-азаматтың жолында құрбан етіп, соның етегінен ұстап кете барғанда қара орманға сүңгіп адасып бара жатқанымды білмеппін. Қиындықты көп көрдім. Аш қалған күндер де болды. Адам қарны ашса ұйықтай алмайды екен... күйеуімнің қасында жатып қарным ашқаннан ұйықтай алмай дөңбекшіп шыққан түндер де өтті басымнан. Сонда оған «қарным ашты» деп айтпаймын, оның азаматтық намысына тиермін, ол уайымдап қалар деп ойлаймын. Ал екі баламмен далада қалғанда ағайын-туғанға баруға намыстанып, жатақхананың

қуықтай бір бөлмесінде жаралы ит сияқты, өз жарамды өзім жалап жылдар бойы жата бердім... Еден жудым, әжетхана тазаладым, төсек тартып жатқан 80-дегі кемпірді де қарадым, миллиардер еврейдің үй күтушісі де болып істедім... Бірақ ешкімнің алдына бір үзім нан сұрап барған жоқпын. Сағым сынған кездер болмады десем өтірік болар. Тіпті, өлгім келген кездер де болған. Бірақ мен өмірді ессіз сүйемін. Мендегі ең асыл да бағалы нәрсе – Алланың аманат етіп берген өмірі. Бар болмысыммен, ақыл-парасатыммен, күнәммен, қателіктеріммен, осы өмірді сүруге міндеттімін. Өйткені, өмір қиын болса да, опасыз болса да, жалған болса да – мен өмірге шексіз ғашықпын. Ал өмір барысында жіберген қателіктерім де, кемшіліктерім де, кінәм мен күнәм да, қиындықтар да... бәрі де – бақытты болуға ұмтылу жолындағы баспалдақтарым. Өткен өміріме көз жүгіртсем, кей тұстарда «қандай ақымақ болғанмын» деп ойлаймын. Өкінетін сәттерім де аз емес. Бірақ сол ақымақтықпен өткізген күндерімді де, сол өкініштерімді де жақсы көремін, өйткені солар мені жақсылы-жаманды осы күнге жетелеп әкелді. Сондықтан тағдырыма ризамын.

– Бір сұхбатыңызда: «Мен негізі жалқауым» депсіз. Сонда қалай, жалқау жанның осынша жетістікке жетуі мүмкін бе?

– Иә, жалқаулығым бір басыма жетіп артылады. Өте үйкүшкімін. Маған салса, үйден шықпай жатар едім... Қазақтан сөз артылған ба? «Құдай жүгірте алмаған сиырды бұзауы безек қақтырады» деген мақал бар. Мен де балаларым үшін «әрекетке – берекет» деп тырбаңдап тіршілік қыламын. Қос құлынымның өмірі, өз өмірім қор болмай, жақсы, лайықты өмір сүруді ойлаған кезде бар жалқаулықты ұмытасың ғой...

– Жеңісім мен жемісім деп нені айтар едіңіз?

– Екі баламды бағып-қағып, қатарынан кем қылмай өсіргенім – менің жеңісім. Жеңісімнің жемісін көремін деп үміттенемін. Кейінгі жеңісім деп журналымды айтар едім, қалтарыс, бұлтарысы мың сан қабат өмірдің батпағына батып кетпей, адамшылығымды жоғалтпай, өмірден өз орнымды тапқанымды айтар едім...

– Өзіңізден өзіңіз қашатын, шарасыз сәттеріңіз бола ма?

– Жоқ, өзімнен қашпаймын, керісінше, өзімді әркез қолдап, жетектеп, өз-өзіме дем беріп отырамын. «Кері шегінуге жол жоқ, тек қана алға!» деп әркез өзімді қайраймын. Адам өзінен өзі қашып кете алмайды.

– Нәзік жүрегіңіз нені аңсайды? Махаббатыңыздың кейіпкері бар ма?

– Әрине. Жақсы көру деген керемет сезім емес пе?! Жақсы көрмей, сүймей, сағынбай, аңсаймай өмір сүру мүмкін бе? Әркез жүрегімде бір адам тұрады... Мен сырттай біреуді жақсы көріп өмір сүре беремін. Ол адамның қасына бару шарт емес...

– Сізді өзгелерден ерек етуші ерекшелігіңіз қандай деп ойлайсыз?

– Әр адам өзінің болмысымен, мінезімен, табиғатымен, көзқарасымен, сана-сезімімен ерекше шығар. Мендегі өмір басқада жоқ. Мендегі тағдыр басқада жоқ. Мендегі қиял, мендегі жұмбақ өзіме ғана тиесілі...

– Қандай сұраққа жауап беруден бас тартар едіңіз?

– Жауабы жоқ кемақыл сұрақтарға жауап беруден бас тартар едім.

– Сіз үшін өмірдің мәні неде?

– Өмірдің мәні – өмір сүруде. Адами өмір сүруде. Менің де, ешкімнің де запаста тоңазытқышқа салып сақтап қойған екінші өмірі жоқ. Бір-ақ өмір. Жалғыз шыбын жан. Ажал да әркез қолсозым жерде жүреді. Бүгін бармыз, ертең жоқпыз. Сондықтан қас-қағым сәттей өте шығатын аз ғана өмірді әдемі, адами өмірге лайықты өткізгенге не жетсін? Біз Алланың жаратқан пендесіміз, құдай тағала бізге «өмір сүр!» деп жұдырықтай жүрегімізге шыбын жанды салып берді. Демек біз осы өмірдің отымен кіріп, күлімен шығуға тиістіміз. Өз өмірі мәнді де сәнді, мағыналы да мазмұнды болуы үшін әрбір адам тырысуы керек, күресуі керек. Ол үшін бірінші кезекте адамшылықты, ізгілікті, мейірімділікті серік етуіміз керек. Ал жүрегі ондай қасиеттен жұрдай, осы өмірін дұрыс сүрмеген, мазмұнды өткізбеген адамды Алла тағала жұмаққа жеткізеді дегенге сенбеймін.

Сұхбаттасқан
Эльмира ЕРМЕКҚЫЗЫ

6 Қазақтың ардақты аналары

Мәңгі естелік кетпес асы Жаңғар

Қазақтың аяулы әйелдері! Қазақ қашанда қыз-келіншектерді құрмет тұтып, алақанының аясына салып, ардақтап келген. «Бір қолымен бесік тербеткен аналар, бір қолымен әлемді тербетеді» деседі дана халық. Ол ақиқат. Қазақ әйелдері ғана ошақ қасындағы тіршіліктен бір уақыт бой түзеп, ел бірлігі мен болашағы үшін маңызды істерге атсалысқан. Оған тарих күе. Анау сақ дәуірінде батылдық дәурен құрған уақыттары сақ әйелдері ат үстіне мініп, ерлермен қатар елін жаудан қорғаған. Бұған Тұмар ханымның Кир патшасымен соғысындағы жеңісі дәлел.

Сонау сақтардың ұрпағы қазақтар әйелдердің ақылына ғана емес, жау жүректігіне де жүнгені анық. Олардың бала тәрбиесіне сіңірген үлесі бір бөлек әңгіме. Ұлына тегіне қарап әйел алып беру үрдісі тек қазақтарда ғана мықтап бекінген игі дәстүр. «Тең теңімен, тезек қабымен» деген сөздің астарында мағыналы ой жатқаны да белгілі. Олар болашақ ұрпағын қалыптастыратын, ошақ отын сөндірмей берекесін кіргізетін болашақ отанасын таңдау ісіне ерекше мән бергені де шын. Сондықтан қыз баланы ақылға салып тәрбиелеген қазақ оларды тыя да білген. Ұяттың отынан басын аулақ ұстайтын намысты халқымыз ағайын, туыс, ауылдас-тарынан артық сөз естімесі үшін қыздарын барынша өнегелі етіп өсіруді мақсат тұтқан. Қыз тәрбиесінің қиындығы мен қарапайымдылығы да осында жатса керек.

Бір шаңырақтың ғана емес, үлкен бір әулеттің, тайпа мен елдің берекесін келтіріп, несібесін тасытқан асыл аналарымыз қазақта баршылық. Оның бірі абыз аналардың бірі – **Домалақ ана**. Ол кісі Бәйдібек бидің жары болған. Ел ішінде ол кісіні «Дихнат мама» деп атап кеткен. Қазақ тілінде «Әулие ана» дегенді білдіреді. Уақыт өте «Дихнат мама» сөзі дыбыстық өзгерістерге ұшырап Домалақ анаға айналған. Одан тараған ұрпақтарының бәрі де білімімен, ақылымен ерекшеленіп, ел билеген. Өзі де жас кезінде-ақ парасаттылығы мен даналығымен танымал болған. Оның ақылы мен көрегендігі хақында аңыз әңгімелер әлі күнге дейін ел арасында айтылып жүр.

Әлпеш ана

Найман әулетіне дұшпан жолын тауып елге жойқын шабуыл жасапты. Тұтқиылдан тиген жау еркек кіндіктің қырғындай қырып, қарт Найманның төрт ұлын көз алдында өлтіріп кетіпті. Найманның Тоқбан ұлынан Әлпеш (Ақсұлу, Мәзбура деп те айтылады) деген келіншегі жесір қалады. Әлпеш үйсін Дулат бидің қызы болса керек. Шабылған әулет пен қорғансыз қарт Найманның ауыртпалығы енді Әлпештің иығына түседі. Сол үміт жетегімен Әлпеш төркін жұртына барып, туысқан сіңлісі Гүлшені Найманға айттырып алып қайтады. Гүлше бір ұл табады. Бұл кезде Найман шаңырағының бас иесі болып отырған Әлпеш алты алаштың басын қосып, ақ түйенің қарынын жарып, ұлан-асыр той жасайды. Осы тойда үйсін Дулат би: «Найман – қаны араласқан қадірлес құдам еді, мына нәресте артында қалған белгі ғой, атын Белгібай қояйық» дейді. «Балаға ат қою жолы біздікі еді, Найман атамның Төңірден өкіріп жылап жүріп тілеген баласы ғой, атын Өкіреш қоямыз», – деп арғындар да тілек білдіреді...

Қазақтың бүгінгі қалың рулы елінің болашағына осылайша Әлпеш ана сеп болып, әулетіне ұйытқы болыпты. Найманның кіндігінен тараған ұрпақ жиырмашақты ауыл болғанша «жат болып кетпесін» деп, енші бермей, мал-жанын ортақ

ұстатыпты дейді. «Байдың малы ортақ болсын, батырдың жаны ортақ болсын, шебердің қолы ортақ болсын, шешеннің тілі ортақ болсын, балуанның күші ортақ болсын, біреуге біреу зорлық жасама-сын!» деген өсиет осы Әлпеш анадан қалыпты деген сөз бар (Дерек беруші Қожбанұлы Шайхыбасар, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы).

Ақбикеш Ару

Есім ханның шолғыншы батырларының бірі. XVII ғасырда өмір сүрген. Есім хан жасақтарының Бұхараға, Қашғарға Қалмақ жеріне жасаған жорықтарына қатысқан ержүрек қыз. Ол негізінен алыстағы жау жасақтарының орналасқан тұсын дәл болжау арқылы Қазақ жасақтарына көп көмектескен. Аңыз бойынша оның көргіштік және болжағыштық қасиеті ерекше болған екен. Ақбикеш еліне оралған соң, Қаратау өңірінен биік мұнара тұрғызып, сол мұнарадан төңіректі шолып тұратын болған. Және сол аңыз бойынша Ақбикешті жоңғарлар қапыда қолға түсіріп, өшкеннен оның көздерін ойып алған дейді.

Болай ханшайым

Әбілқайыр хан зайыбы. Қазақ халықы бастан кешкен аса күрделі кезеңдердің бірі XVIII ғасыр болса, сол кездің саяси-әлеуметтік істеріне белсене араласқан көрнекті қайраткерлердің бірі Болай болған. Сол заманда қазақ халқының басына ел болу немесе елдігін мүлде жоғалту қаупі төнгенде Әбілқайыр ұстанған саяси бағытты Болай жалтақсыз қолдап, шешуші кезеңдерде айырықша икемділік-тапқырлық танытып отырған. Мұны Болай ханымның орыс патшайымдары Анна Ивановнаға, Елизавета Петровнаға, бригадалық генерал А.И.Тевкелевке, Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке, канцлер А.П.Бестужев-Рюминге жазған хаттарынан және ол хаттардағы ел мүддесіне қатысты ұстанған әрекет-ниеттерінен айқын аңғаруға болады. Тарихшы А.И.Левшин: «Болай... өзінің ақылдылығы арқасында бүкіл Кіші жүздің құрметіне бөленді және кейде оны басқаруға үлкен ықпал етті», – деп жазды (А.И.Левшин. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996. 217-бет).

Ғайһар ару

Қазақ пен қалмақ арасындағы ұлы сүргін соғыс кезінде (XVIII ғ.) ерлік істерімен ел есінде қалған аяулы арулардың бірі – Гаухар. Ол әйгілі Қаракедей Қабанбай батырдың

жан жары, бөсентиін Малайсары батырдың туған қарындасы. Саны мол, қауіп-қатері көп жорық жолдарында Гаухар айырықша табандылық көрсетіп, Қабанбай батырмен тізе қосып талай рет қанды шайқастарға қатысқан. Гаухар қылышын қынапқа салмаған батыр атанған. Қабанбай мен Гаухардың тұла бойы тұңғышы – Назым қыз да ерлік істерімен танылған.

Қарашаш сұлу

Бұл кісі әйгілі Жиренше шешеннің әйелі болған. Ол аңызда өзінің тапқырлығы және данагөй ақылдылығымен Жиренше шешеннің өзіне лайықты жары бола білген ерекше адам ретінде суреттеледі.

Сапура (Көктемір) батыр

22 жасар жас келіншек Сапураның бірінші күйеуін қашқын қалмақтар өлтіріп кетіп, әмеңгерлікпен қайнысы Жанболатқа қосады. Ол Досалы сұлтанның ауылымен қоңсы екі мың кісімен Қобда бойында көшіп-қонып жүреді. Ресей патшалығында шаруалар күресін басуға шыққан орыс әскерлеріне қарсы күрестің аңызға айналған қолбасшысы. Әйел басымен қол бастауға қымсынғандай, далада жүретін бір құпия тұлға – «Көктемір» туралы аңыз таратады. Барлық іс-қимылды соның атынан жүргізіп, көзге көрінбейтін күрескер келіншек шайқасқа шығады. Алайда, орыс әскерлері оның әйел екендігі туралы ғана емес, тіпті кім екенін білмейді, «Көктемір» деген атын ғана білетін болған. «Көрінбейтін Көктемір батыр» туралы алып-қашпа әңгімелер ел арасында тараған.

Орыс дерек көздерінде Пугачев көтерілісі кезінде қазақ даласындағы «ұстатпайтын ұстын», «көзге көрінбейтін жан» деп аталған Сапура Мәтенқызы да жұмбақ жағдайда өмірден өтеді. Алайда азаттықтың ақ таңы үшін арпалысып, жанын құрбандыққа шалғандардың арқасында армандай бостандық жолы бізге жақындай түсті.

Көктемір Сапура қыз туралы ғалым Н.Бекмаханова «Көрінбейтін адам туралы аңыз» атты зерттеу еңбегін жазған. Көктемір (Сапура) батыр туралы Әбіш Кекілбаев, Аян Нысаналин т.б. жазушылардың мақалалары жарық көрген.

Ұлбике ақын

Жанкелдіқызы Ұлбике – қазақтың әйгілі ақын қызы, майталман айтыскер, жезтаңдай өнші, дәулескер домбырашы. Тал бойына алуан түрлі өнер дарыған ару.

М.Ж. Көпейұлы Ұлбикенің қара түсірмес дүлдүл ақын екенін аңғарып қана қоймай, сонымен бірге қазақтың сөз өнерінде ақындық айтыстың негізін салушы, орнықтырушы ақын ретінде даралайды. Ұлбике – ойы ұшқыр, өлеңі сұлу, кісілік – парасаты биік, өрелі ақын. Ұлбике ұтқыр уәждердің небір тамаша үлгілерін жүрген жерлерінде маржандай шашып отырған.



Сол мол мұрадан бүгінгі ұрпаққа жеткені мың шумақтай өлең.

Ақын Сара

Тастанбекқызы Сара – қазақтың әйгілі айтыскер ақын қызы. Өзінің қысқа ғұмырында тауқыметтің талайын көріп, әлеуметтік теңсіздіктің тәлкегіне ұшыраған Сараның шығармашылық жолы тым ауыр да күрделі жол. Ол үш жасында әкесінен айырылып, содан бері еңсесін басқан жетімдік пен жоқшылықтың зардабын көріп өседі.

Айғыз Көшкінбайқызы

Айғыз – елдегі 1916-1918 жылдардағы көтерілістерге және елдегі азамат соғысына қатысқан, Семей облысы Аягөз ауданында туған. Сермопольдегі қорғанысқа қатысып, жаралы жауынгерлерге көмек көрсеткен, тамақ тасыған. Ақ қазақтардың атаманы Колчактың әскерлері Айғызды азаптап өлтірген. Батыл арудың өмірі мен ерлік істері туралы жазушы Қ.Исабаевтың «Айғыз» атты романы бар.

Нұрпейіс келіні Дина

Қазақтың «Күй Анасы» атанған әйгілі күйші-сазгері. Бала кезінде-ақ Құрманғазының өзі сүйсініп тыңдаған талантты шәкірті болған. Ол 1944 жылы Қазақстанның халық өртісі атанған. Халық өнерпаздарының 1937 жылы өткен республикалық байқауына қатысып, 75 жасында халық аспаптарын тартатын өнерпаздардың Москвада өткен Бүкілодақтық бірінші байқауында, одан кейін 1944 жылы 83 жасында Орта Азияның бес республикасынан өнерпаздар қатысқан Ташкенттегі он күндікте Дина тағы да жүлделі орындарды жеңіп алады.

Тарихта ақыл-парасатымен, тапқырлығы мен батылдығымен, дуалы сөзі мен дара өнерімен көзге түсіп, бүгінгі күнге дейін ел жадында қалған асыл аналарымыз бен дана қыздарымыз өте көп болған. Басылымдарда жиі жариялана бермейтін өткен уақыт белестеріндегі ардақтады аналардың қасиеттері хақында паш етуді жөн көрдік. Ал, газет бетіне сыймай қалған өр тұлғалы аяулы жандарымыз өте көп екенін ескертеміз.

Түйін. Шежірені парақтап отырсаңыз ақылымен ел билеген, айбатымен жауға қарсы тұрған аналарымыздың атымен бүтіндей ру мен ел аталып кеткен оқиғалар жиі көздесіп жатады. Бір ананың ақыл-парасаты бір рулы елдің өсуіне жол салған. Гендрлік саясат деп еркек пен әйел болып жауласып жатқан бүгінгі күні бір сәт ертеректе өткен қасиетті аналарымыздың өмірін өнеге еткеніміз абзал. Олар сонау қиын-қыстау жаугершілік заманында елін қорғаса да, бір әулеттің киелі отын сөндірмеуді бәрінен маңыз тұтқан. Бұл да қазақ әйелдерінің отбасындағы білгір саясаткерлігі мен бойына сіңген болмысы. «Еркекті ер қылатын да, ез қылатын да әйел», дейді данагөй қазақ. Бұл нақыл сөз бойжеткендерімізге ақыл сөз болып жүрегіне жатталсын деген ниетте ойымызды түйіндейік.

Жанар ЕЛЕШОВА





Мұстафа Кімнің қолынан қаза тапты?

ОЛ ҚАПАСТАҒЫ ТҮРКІЛЕРДІҢ ҮМІТІ ЕДІ

Шоқай барған тұтқын лагерлерінің бірінде болған және соғыстан кейін Қазақстанға қайтқан Мақсұт Нәбиев естелігінде осыған байланысты былай дейді: «Бір қазақ зиялысы келіп, түркі тектес тұтқындардың барлығын бір жерге жинады. Оның сол кезде не айтқаны дәл есімде жоқ. Бірақ сөздері жүрегімізге жылы тиді. Айтқан пікірлері ұнады. Оның қарапайым кісі еместігі, өте мәдениетті жан екендігі көрініп тұрған еді. Кейіннен білдік, ол кісі Мұстафа Шоқай екен».

Бұл арада Шоқай тұтқындармен өткізген кездесулерінен Түркістанның саяси жағдайын білуге мүмкіндік тапты. Сан жылдар шетелде босқында жүріп Түркістандағы кеңес билігі туралы жасаған тұжырымдары мен сындарында жаңылыспағандығына көз жеткізді. Оларда өсіре кетпеген еді. Тұтқын комиссиясы өз жұмысын жалғастырып жатқан кезде нацистік өкіметтің жоғарғы басшылықтарында тұтқындардан көмекші отрядтардың жасақталуына деген қарсылықты бәсеңдеткен дамушылықтар болып жатты. Бұл мәселеде Германияның Анкарадағы елшісі Франц фон Папен маңызды рөл ойнады. Папен Түркияның бейтараптығын Германияның пайдасына бұзып, соғысқа қатыстыру үшін жанталасуда еді. Бұл мақсатын іске асыру үшін Түркияның саяси қайраткерлері мен зиялыларының түрікшілік сезімдерін қозғалысқа түсірмек болды. Папенмен етене жақын байланыс орнатқандар бұрынғы әскери генералдар еді. Олардың бірі Әнуар Пашаның інісі – Нури Паша (Киллигил) еді. Папен қыркүйек айында Нури Пашаның Берлинде Германия Сыртқы Істер министрлігінің қызметкерлерімен кездесуін қамтамасыз етті. Бұл кездесудің хаттамаларына қарағанда, Нури Паша мұсылман және түркі тектес соғыс тұтқындарынан жеке отрядтар жасақталуын және бұл мәселеде өздерінің қол ұшын беретіндіктерін айтты. Соғыс тұтқындарынан легиондар құру пікіріне Гитлердің келісімін алуда да Папен маңызды рөл атқарды. Папен ұзақ уақыттан бері басқа екі түрік генералымен де жақын қарым-қатынас орнатып жүрді. Олардың бірі – Стамбул Соғыс Академиясының қолбасшысы (командирі) генерал Али Фуад Эрден, ал екіншісі – «Жумхуриет» пен «Сон Поста» газеттерінің ұлтшыл жазушысы, зейнеттегі генерал Хусни Әмир Эркилет еді. Папен олардың 1941 жылы қазан айында Берлинге сапар шегуін қамтамасыз етті. Германияның кеңестерге қарсы соғыста жеңіске жететіндігіне сенген екі генерал басып алынатын кеңес территориясының түркі халықтары тұратын өлкелерінде ұлттық мемлекеттер құрылуын жүзеге асыруды көздеді. Розенберг мұсылман және түркі тектес тұтқындардан көмекші отрядтар жасақтау жөніндегі жобасын желтоқсан айының басында Гитлерге ұсынды. Гитлер жобаны бекітіп, 1941 жылы 22 желтоқсан күні неміс қарулы күштері құрамында түркістандықтардың, армяндардың, грузиндердің және кавказ мұсылмандарының легиондарын құру туралы бұйрық берді. Гитлерде Түркістан халықтарын қорлау шамадан тыс болатын. Оның пікірінше Германия Кеңес территориясына билігін жүргізгер болса, Орта Азияның түркі халықтарымен ешқандай да қарым-қатынас жасалмайтын еді. Тек оларды неміс ықпалы астында ұстап отыру мақсатында жыл сайын бір топ қырғызды неміс астанасына саяхатқа алып келуге болатын. Бұдан басқа олармен ешқандай да бір байланыс орнатуға болмайтын еді. Ал шындығында Шоқай бір саяси қайраткер ретінде халқын төмендет-

кен халықтармен байланыс жүргізе алмайтын еді. Шоқай үшін халқының намысын қорғау барлық нәрседен жоғары тұратын. Большевиктерге қарсы саяси салада талай жылдар бойы бірге күрес жүргізген Керенскийден ат құйрығын кесісіп жолдарын айырудың ең басты себебі – оның басқаруындағы «Дни» газетінде түркістандық әйелдерді орангутанға балаған бір мақаланың жариялануы еді. Бұл теңеу Шоқай үшін адам төзбес қорлау болды. Алайда нацисттердің барлық Түркістан халқын қорлауы бұдан да бетер еді. Мұндай қорлауға Шоқайдың шыдауы мүмкін болмады. Шоқайдың өзі де нацистік нәсілшілдіктің түркі-татар халықтарын қорлаған көзқарастарының салдарына тап болды. Бір жолы тұтқын лагерлерін аралап жүргенінде азиялық болғаны үшін өзін төмен көрген бір гитлершіл әскер өзіне жол бермегендігін желеу етіп шапалақпен тартып жіберді.

Бұдан да ауыр оқиғаға Шоқай Берлин көшелерінің бірінде душар болды. Жолда кездескен бір эсэсшіл есерсоқ Шоқайға тиісіп, қол көтерді. Фон Менденің мұралары арасында

білдірді. Шоқай немістерге түркі кеңестік тұтқындарды майданға жібермеуге кеңес берді. Оның орнына оқуларын аяқтамай жатып, кеңес армиясы қатарында соғысқа айдалып, тұтқынға түскен жастарды білім алуларын жалғастырулары үшін оқуға жіберулерін, ал басқа тұтқындардың болса майдан тылында жұмыс істеуіне ұсыныс етті. Шоқай жұбайына жазған соңғы хаттарының бірінде, мұндағы жағдайдың өзін қанағаттандырмағанын және бірнеше күн ішінде Парижге қайтатындығын мәлімдеді. Шоқай бұған ұқсас тағы бір хатты Стамбулдағы Тахир Чағатайға жіберді. Хатында былай деді: «Бұл жердегі кездесулерім аяқталды. Парижге қайтуға шешім қабылдадым... Германияда бізді қызықтыратын мәселелер туралы мағлұмат алғың келсе, бұл жұмыстарға тікелей араласып жүрген Уәлиге хат жаз. Осы қысқа хатты бұрынғы досымыз Вичи арқылы поштаға салғызып отыр-

мын. Парижге оралғаннан кейін жазатын егжей-тегжейлі хатымды күтерсің». Бұл хат Шоқайдың легион жобасына келіспегендігін, сонымен қатар, енді тұтқын комиссиясындағы қызметін тастап Парижге қайтуға бет алғандығын бізге айқын көрсетеді. Егер Шоқай Парижге орала алғанда, Чағатайға жазатын хатында бәлкім де Түркістан легионы туралы ой-пікірлерін ашық түрде жазатын еді. Бірақ Парижге қайту Шоқайдың пешенесіне жазылмаған еді. Шоқай енді тұтқын лагерінде жұмыс істеуді қаламады. Ченстахов лагері Шоқайдың барған соңғы лагері болды. Бұл

жерден жұбайына жолдаған хатында былай деді: «Жұмыстар қызықты емес, тұтқындарды санау ғана. Тез арада бұл жұмыстан босану керек және карантинде қамалып қалмауым керек». 19 желтоқсан күні комиссия Берлинге оралды. Шоқай Берлинге келгенінде дене қызуы 40 дейін көтерілді. Ол сүзек ауруы деген күмәнді диагнозбен Виктория ауруханасына жатқызылды. Бір апта бойы көрген емі еш нәтиже бермей, 1941 жылы 27 желтоқсан күні қайтыс болды. Немістің ресми қызметкерлері өлім себебі ретінде Ченстахов лагерінде жұқтырып алған сүзек ауруын көрсетті. Бірақ жұбайы Мариядан бастап оның жақын достары оның өліміне күмәнмен қарады. Шоқай 1942 жылы 2 қаңтар, жұма күні Берлиндегі түрік шәйіттері зиратына жерленді.

Мұстафа – табанды қайраткер, қайсар болды. Ол жалғыз бола тұра социалистік жүйеге қарсы шықты. «Қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, тәжік халқы бірігіңдер, Кеңес бодандығынан өздеріңді босатыңдар, жікке бөлінуден қашақтаңдар, жойылып кетесіңдер», – деп ұрандатудан тайынбады. «20 ғасырдағы Түркістан» және «Ресей мен Қытай аралығындағы Түркістан» деп кітап жазып шығарған Баймырза Хаит өз еңбегінде: «Түркістан – Кеңес Одағының отары» деп жазды. Осы еңбектерді жазып шығаруыма Мұстафа Шоқайдың архивтері мен жазбалары көп көмек тигізді деп атап өткен. Кейбір басылымдарда Мұстафа Гитлерге қызмет етіп, соның қолшоқпары болды дегенді жазды. Мұстафаны немістер Парижды алғанда абақтыға жапты. Кейіннен Гитлердің тапсырысымен босатып Берлинге жібертті. Мұстафаның гитлершілердің тапсырысымен тұтқын мұсылмандармен жұмыс жүргізгені рас. Ол тұтқындар лагерлерін аралап, ондағы хал-ахуалмен танысып отырды. Бұл тұрасында Мұстафаның нақты нені аңсағаны белгісіз, бір ғана шындық – Мұстафа ақиқатты ғана аңсады. Оны гитлершілердің легионға пайдаланбақ болғандары да анық. Мұстафа 1941 жылы 27 желтоқсанда оқыстан дүние салды. Оның өлімін тарих беттері Мұстафаның дертімен байланыстырады. Ауырып қайтыс болды деген де талай тарих парақтары жазылды. Мұстафаны у беріп өлтірген Каюмхан деп те жазылды. Бірақ бұл ой қисынсыз. «Түркістан легионына» үміткер болған Каюмханның Мұстафаға деген қызғаныш сезімі болған шығар, бірақ оны өлтіруге дәйегі болмаған, өйткені Мұстафа Түркістан легионына бастық болып үлгерген жоқ. Сонымен қатар, Мария жеңеміз де өз естеліктерінде Каюмханды күдікті етіп көрсетпейді, тек Мұстафа қайтыс болғаннан кейін, Каюмханның ол үйге баруын сиретіп кеткенін айтады.

Мұстафамен жұмыс жасаған фашистер тобының Мұстафаны өлтіруге негізі бар-тын. Біріншіден – өз елінің патриоты болды, елін Кеңес Одағының құрсауынан босатуға бар күшін салды, көптеген құрбандықтарға да барды. Екіншіден – Орта Азияның болашағын ойлаған адам немістің мүддесін қалайша қорғасын. Орта Азияны Кеңестің отарынан қорғап шығып, фашистке тәуелді етіп қоймақ ұл Мұстафа емес еді. Ендеше фашистер оған қалайша сенім білдірсін, қазақ жігітінің көздегені айдан анық еді. Демек, Мұстафа гитлершілерге де ұнамағаны түсінікті. Бірақ біздің бұл ойларымыз бен кезіндегі Мария жеңеміздің күдігі әлі тарихи дәлелденген жоқ.

Эльмира Абетжанова

ШОҚАЙДЫҢ АРМАНЫ - АДАМЗАТТЫҢ БЕЙБІТ ӨМІРІ

Нацисттердің Түркістанға беруді ойлаған ең байсалды деген саяси құқтарының өзі, кеңестер берген құқтармен салыстыруға да тұрмайды. Алайда Шоқайдың саяси күресінің негізін Түркістанның толық тәуелсіздігі құрады. Ол бұдан басқа ешқандай да бір саяси мақсатты қабылдамады. Нацисттермен бір болмағанының тағы бір себебі – Шоқайдың жеке қасиеттерін айтуға болады. Ол қантөгіс соғысқа әрқашан қарсы болды. Саяси күресті үнемі бейбіт жолмен, яғни пікір жолымен жүргізуді жақтаған ол соғыс пен қаруды еш ұнатпайтын. Сондықтан оның әскери жасақтарға қолбасшылық етуі мүмкін емес еді. Шоқайда соғыс пен соғыс униформасын жек көретіндігі соншалық, әлемде армия аты берілген қандай да бір мекеменің болуының өзін қаламады. Сонымен қатар бейбітшілік пен тәртіпті сақтау үшін әскер мен полиция секілді қарулы күштердің керек екендігін де мойындайтын. Дегенмен мұндай мекемелердің бірінде қызмет атқарғысы келмейтін. Әлемде соғыссыз, бейбіт тіршілік орнауы үшін адамдардың не істеуі керектігі туралы ұзақ толғанатын. Ақырында адамзаттың ол деңгейге көтеріле алмайтындығы және мұның бір утопия екендігі туралы қорытындыға келетін.

КЕУДЕГЕ КҮДІК ҰЯЛАТҚАН ӨЛІМ

Қорытындылай келе, Шоқайдың Түркістан легионына қатысудан үзілді-кесілді бас тартқанын тарих фактілері арқылы түсінеміз. Шоқайдың «Яш Түркістан» журналын шығаруында ұзақ жылдар бойы жанқиярлықпен көмектескен Тахир Чағатайдың жұбайы Саадет Чағатай да осындай пікір айтады. Чағатай Шоқайдың немістердің тұтқын жерлерінен орыстарға қарсы өз шептерінде соғысуға ынталандыру туралы талаптарына келіспегендігін атап өтеді. Оның айтуынша, Шоқай мұндай бір іс-қимылға үлес қоспайтынын ашық түрде



Бүгінгі әңгімеміз әр бойжеткенді толғандыратын мәселе шаш туралы болмақ. Қыс уақытында бас киімнің астына басылып, аязға әбден тоңған шашыңыздың қазіргі жағдайы қандай?? Көктем жақындағанда шашыңызға ерекше көңіл бөленіңіз абзал.

Шашымыздың әдемі болып, әр түрлі химикаттарға зақымданбауы әр сұлудың арманы емес пе?! Олай болса шашты қалай күту керектігін және қалай күту пайдалы екендігін назарларыңызға ұсынамын.

Ең алдымен, шашты кептіруді үйренейік.

Дені сау шаш өте нәзік және бос болады. Алдымен шашыңыздың араларын саусақтарыңызбен бөліп, жуан тісті тарақпен тарау керек. Сондай-ақ шаштың саулығына зақым тигізбейтін, оны ұшынын бастап тарақпен тарап отырып кептірген дұрыс. Бірақ уақыттың аздығына байланысты шашымызды фенмен кептіруге тура келетін жағдайлар болады. Ал, осындай жағдайларда оның режимін

жылыға қойып, 15-20 см қашықтықта кептіру керек. Бұлай кептірген шашқа ешқандай зиян келмейді. Егер шашты тез кептіргіңіз келсе, феннің режимін күшейту керек. Мұндайда ыстық ауамен кептірмес бұрын, шашқа арнайы ласьон жағу керек.

Шаштың табиғи әдемілігімен жылтырлығын сақтау үшін күнделікті ішіп жейтін, тағам құрамындағы дәрумендер мен минерал құрамына мән беруіңіз тиіс. Мысалы, А, С, Е дәрумендері шашқа әдемілік пен көлем береді.

Бас терісіне ерекше күтім қажет. Шашыңыздың дұрыс өсуі үшін шаш түбірлері орналасқан бас терісінің күтіміне де дұрыс көңіл бөлу керек. Шаш түбірлері орналасқан бас терісі аймағында қан айналым дұрыс жұмыс жасаса, онда шаштың өсуі дұрысталады.

Ал енді дүкендерден немесе дәріханалардан шашыңыздың өсуіне көмек беретін маскаларды немесе кондиционерді пайдалансаңыз химиялық қоспасы жоқ немесе химиялық күші әлсіз қоспалары бар нәр бергіш заттарды пайдаланыңыз.

Шаштың саулығы үшін арнайы маскаларды жасауды әдетке айналдырыңыз. Шаштың тез өсуіне көмектесетін қолдан жасалатын маска түрін де қолданып көріңіз.

Маска құрамы: 2 ас қасық қыша (горчица)

2 ас қасық ыстық су

1 жұмыртқаның саруызы

2 ас қасық зәйтүн майы

Мына өмірге табиғат пен қыз баланың сұлулығына шек жоқ.

Табиғат әр уақыт сайын жаңарып мезгілін ауыстырып отырса, қыз балаға да қалыспай әр мезгіл өткен сайын өзгеріп отырады. Қыз баланың көз тоймастай сұлу болып жүруі өз қолында деп ойлаймын. Әр бойжеткен өзінің алтындай уақытының бір бөлігін айна алдына арнаса дұрыс болады. Сонымен қатар, қыз бала тек сыртқы кеуімімен ғана емес, ішкі жан дүниесімен де сұлулыққа бай болуы тиіс.

2 шай қасық қант ұнтағы

Құрамдас бөліктерді қосып, араластырамыз. Шашымызға 15 минуттан 1 сағатқа дейін қалдыруға болады. Нақты уақыт масканың басыңызды қаншалықты ашытқанына байланысты болады. Шыдамды болған жағдайда 1 сағат күте тұрсаңыз болады. Алайда, басыңыз күйіп бара жатса, 15-20 минутта жеткілікті.

Маска нәтижесінде шаштың өсуін тездетіп, шаш қалың әрі әдемі болады. Сондай-ақ бұл маска шаштың түсуіне тосқауыл бола алады.

Ал, осындай маскалар жасауға қолыңыз тимей жатса немесе ауырлау тиетін болса, тиімді жолын таңдаңыз. Ол үшін сусабынға дәріханаларда сататын мумие табиғи таблеткаларын сатып алып, оның он данасын сусабынға салып қойыңыз. Басыңызды жуар кезде сусабынды шайқап бір жуып алыңыз да, екінші рет жуғанда сусабынды шашыңызға жағып 3-5 минуттай ұстап, шайып тастаңыз. Бұл тәсіл шаштың тез өсуіне және түсуінен қорғайды. Сондай-ақ, шашыңыз жібектей жылтырап, керемет иісін жоғалтпайды.

Салтанатты кешке барарда немесе жай күндері болсын шашыңызды бұйралап не болмаса әр түрлі шаш үлгісін жасап жүріңіз. Қыз балаға бұл өте әдемі және тартымды көрінеді. Ал, шашты сәндеу үшін бұйралайтын құралды (плойка) пайдаланбауға тырысыңыз. Себебі, ол шашқа зиян келтірмесе, пайда әкелмейді. Одан да, шаш сәндеуге арналған басқа



құралдарды пайдаланыңыз. Қолыңызға көлем беретін көпіршікті (мус) молынан жағып, сулы шашыңызға бөліп алып жағыңыз. Кейін шашыңызды бірнеше иірімдерге бөліп, үлкен көлемді бигудилермен ұшынан бастап ораңыз. Шаш кепкен соң бигудилерді шешіп, үстіне қатыратын немесе жылтыр реңк беретін лак себіңіз.

Ал күнделікті күнге жай ғана шаш үлгісі – бантик жасауға болады. Шашыңызды төбеге буыңыз. Шаштың ұшын маңдай жағыңызға қарата тағы буыңыз. Бос қалған шаштың ұшын екіге бөлінген буманың үстінен артқа қарай қайырып, жан-жағын тиянақтап, қыстырғышпен қыстырыңыз. Әдемі шаш үлгісі дайын!



Сұлулық әлеміне сапар шеккен Мөлдір САҒИДОЛЛА

КӨЗІМНІҢ ҚАРАШЫҒЫ

Қаңтар қандай ай?

Қаңтар – күннің «қаңтарылып байланатын», одан әрі тоқырап қысқара алмайтын айы болғандықтан осылай аталған. Бұл айдың түс кезінде күннің көзі аспаннан оңтүстік жағында және сол күнгі ең биік деңгейде тұрады. Күн сайын бұл деңгей өзгеріп отырады. Оның жыл ішіндегі ең биік қалыпта болатын кезі – жазғы күн тоқырау (22 маусым), ең төмен болатын кезі қысқы күн тоқырау (22 желтоқсан).

Қаңтарулы тұрған аттың басы жерге қалай жетпесе, қаңтардағы күн көзі де одан әрі төмендеп, көкжиекке жақындай қоймайды. Мұны қазақтар бағзыда-ақ байқаған. Қаңтарда күн қысқарып, түн ұзарады. Осыған орай ежелгі түркі тілінде безбен таразысының таяғы да қаңтар деп аталған. Безбеннің бір басы көтеріліп, екінші басы төмендеп барып тоқтайды.

Чуваш тілінде оңтүстік жақты және түс уақытын қаңтар деп атайды. Бұл қаңтардың қазақша мағынасына жақын. Қаңтардағы ауа райы күн құлақтанып шықса, не боран соғады, не аяз болады.

Күн құлақтанып батса, ауа райы жылынуға тиісті.

Соған сәйкес біздің ата-баба-

ларымыз: «Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан», – деген.

Күннің таласуы: Қаңтардың алғашқы күніне күннің бой көтеруі сәйкес келеді. Ауа райы өзгеріп, сырғыма жүреді, қар жауады.

Қыс шілдесі. Бұл сары аяз туатын осы айдың соңғы күндері. Қаңтарда туғандар: қазақтың белгілі ақыны, ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов (23.01.1873 ж.), мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаев (12.01.1912 ж.), өнер қайраткері, Халық Қаһарманы Роза Бағланова (01.01.1922 ж.).



Ақпан қандай ай?

Ел аузында өтіп бара жатқан қаңтар ақпанға мынандай аманатын айтыпты: «Ақпан-Тоқпан, Ай мүйізді алты күн. Айқайлап соқпа жеті күн. Қаһарлы келсе қатты күн, Қырына алса қырық күн. Боз тоқтыда құйрық қалды, Қырлан, Ақпан, қырлан!».

Ақпан – «ақ және ықпа» сөзінен шыққан. Ақпандағы ауа-райы аумалы-төкпелі, құбылмалы. Ақ ықпа сол мағынаны білдіреді. Біздің данагөй бабаларымыз қаңтар, ақпанға мынандай сипат берген: Қаң-

тар – аяз айы, ақпан – боран айы. Қаңтар бөгет салады, оны ақпан бұзады. Ақпан – қайталаманың ақ бораны.

Ақпан: «Білмесең білдірем, білсең бүлдірем», – дейді.

Ақпан алдамшы. Бір бүйіріңді қыздырса, екінші бүйіріңді мұздатады. Бір қолымен маңдайдан сипап, екінші қолымен маңдайдан шертеді.

«Жақсылығына барса – құт, жамандығына барса – жұт» айы. Ақпан тұрақсыз, кейде аяздың беті қайтып, сынады, кейде аспан түнеріп, жапалақтап қар жауады. Оның бұрқасынды да, шуақты күндері алма кезек. Ақпанда қыс пен көктем белдеседі. Қаңтарда бұрқасын боран тәулік бойы соқса, ақпанда түнде, таң алдында соғады. Ақпан борандайды, келер наурыз – жылауық. Ақпан аяғында аяз айылын жиып, қыс қаһарынан айырылады. Ақпанда күн ат адым ұзарады. Ақпан – жылдың қысқа айы. Кейде 28, кейде 29 күннен бітеді. Қазақтар ақпан айы туралы: «Құт келеді – жұт келеді» деген.

Ақпан айында кешкісін аспанда жұлдыз быжынап көрінсе, қыстың ұзаққа созылуы

мүмкін. Қырау түспей, күн желді болса, боран соғады. Жұлдыз жымыңдаса, боран соғады, жарқыраса аяз тұрады, күңгірттенсе күн жылырақ болады. Қарағаш бұтағына жабысып қар түспесе, күн жылынады. Салқын және ылғалды болса, келер тамыз – ыстық болады. Айдың соңғы жартысында ауа-райы ашық болса, жаз қуаң болады. Жер көлкілдеп, ылғал молайса, жазда жер отты, дала қарлы болса, келер жазда жер нәрлі болады. Алқап қалың қар жамылса, көкейте көл суға толады. Ақпанның он бесінші жұлдызы – қыс пен көктемнің алғаш ұшырасатын күні. Бұл күнгі ауа-райы қандай болса, көктем райы сондай болмақ. Екі аралықта қар жауса, көктем жаңбырлы болады. Айдың аяғында бұршақтан кіші, мұзды қар түйіршікті сырғақ жүреді, қатты боран соғады, сол кезде қасқырдың арланы мен қаншығы жұптасады, мұны «Бөрі сырғақ» дейді.

Ақпанда туғандар Шығыс ғұламалары Ө. Науай (9.02.144), З. Бабыр (14.02.1483), өнер мен ғалым қайраткерлері К. Кенжетәев (25.02.1916), С. Зиманов (19.02.1921).

МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: М. Амантай,
Ә. Абетжанова, М. Сағидолла.

Ақылдастар алқасы:
Қ.Алдабергенов, Ж. Бижан,
А.Тойшыбайұлы, Г. Кенжебалина.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г күйігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 444